

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ  
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

ҚОЙЛЫБАЕВ МЕЙРАМБЕК МЫРЗАБАЙҰЛЫ

Қазақстан Республикасында ірі көлемді жүктерді жүк автомобильдерімен  
тасымалдау қағидаларын бұзғаны үшін құқықтық жауаптылық:  
мәселелер және шешу жолдары

7М04203 «Құқықтану» (ғылыми-педагогикалық бағыт) білім беру  
бағдарламасы бойынша заң ғылымдарының магистрі дәрежесін алуға  
диссертация

Ғылыми жетекші:  
жалпы заң пәндері  
кафедрасының аға оқытушысы,  
З.Муратжан  
PhD докторы, әділет кеңесшісі

---

Қосшы қаласы 2025 ж.

## ТҮЙІНДЕМЕ

Магистрлік диссертация кіріспеден, алты бөлімнен тұратын екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған көздер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Жұмыста Қазақстан Республикасында ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды реттеудің ұйымдық-құқықтық және қылмыстық-құқықтық аспектілері кешенді түрде қаралды.

Қорытындыда ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау саласындағы заңнаманы және құқық қолдану практикасын жетілдіру бойынша негізгі тұжырымдар мен практикалық ұсынымдар тұжырымдалған. Зерттеудің практикалық маңыздылығы құқықтық реттеудің тиімділігін арттыру және осындай тасымалдарды жүзеге асыру кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

## РЕЗЮМЕ

Магистерская диссертация состоит из введения, двух разделов из шести подразделов, заключения, списка использованных источников и приложений. В работе комплексно рассмотрены организационно-правовые и уголовно-правовые аспекты регулирования перевозок крупногабаритных и тяжеловесных грузов в Республике Казахстан.

В заключении сформулированы основные выводы и практические рекомендации по совершенствованию законодательства и правоприменительной практики в сфере перевозок крупногабаритных и тяжеловесных грузов. Практическая значимость исследования заключается в разработке предложений по повышению эффективности правового регулирования и обеспечению безопасности при осуществлении таких перевозок.

## Summary

The master's thesis consists of an introduction, two chapters in six sections, a conclusion, A list of sources used, and appendices. The work comprehensively considered the organizational, legal and criminal-legal aspects of the regulation of the transportation of large and heavy cargo in the Republic of Kazakhstan.

The conclusion formulated the main conclusions and practical recommendations for improving legislation and law enforcement practice in the field of transportation of large and heavy cargo. The practical significance of the study is to develop recommendations for improving the effectiveness of Legal Regulation and ensuring safety in the implementation of such transportation.

## МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
1 ІРІ ГАБАРИТТІ ЖӘНЕ АУЫР ЖҮКТЕРДІ ТАСЫМАЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ.....	10
1.1 Қазақстан Республикасындағы ірі габаритті және ауыр жүктерді тасымалдауды ережелерін қолдану қағидалары.....	10
1.2 Қазақстан Республикасындағы ірі габаритті және ауыр жүктерді тасымалдау кезінде заңнама талаптарын бұзудың тәжірибелік мәселесі.....	16
1.3 Ірі габаритті және ауыр жүктерді тасымалдау бойынша шет елдердің ережелерінің заңнамалық талаптары қолдану мәселесі.....	24
2 ІРІ ГАБАРИТТІ ЖӘНЕ АУЫР ЖҮКТЕРДІ ТАСЫМАЛДАУ ТАЛАПТАРЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚТЫ КҮШЕЙТУ ҮШІН ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕСІ .....	30
2.1 Ірі габаритті және ауыр жүктерді тасымалдау талаптарының ережелерін бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылықты қарастыру мәселесі.....	30
2.2 Ауыр жүктерді тасымалдау ережелерін бұзуды қылмыстық жол-көлік құқық бұзушылықтары санатына жатқызу мәселесі.....	43
2.3 Ірі габаритті және ауыр жүктерді тасымалдау қағидаларын қамтамасыз етуді жетілдірудің құқықтық және ұйымдастырушылық жолдары.....	55
ҚОРЫТЫНДЫ.....	61
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ.....	65
ҚОСЫМША.....	69

## БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ААӨЖ	Арнайы автоматтандырылған өлшеу жүйесі
ЕО	Еуропалық одақ
АКҚ	Авто көлік құралдары
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚК	Қылмыстық кодексі
ӘҚБтК	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі
Салық кодексі	Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI Салық және бюджетке төйленетін басқа да міндетті төлемдер туралы кодекстің
ҚР АКТ	Автомобиль көлігі туралы ҚР Заңы
ІО	Ішкі істер органдары
АӨҚ	Автоматты өлшеу құралы

## КІРІСПЕ

Жүргізілген зерттеудің өзектілігі. Көлік кешені Қазақстан экономикасының негізгі салаларының бірі болып табылады. Ол елдің өңірлері мен салалары арасындағы байланысты қамтамасыз ететін материалдық тасымалдаушы рөлін атқарады. Қазақстан Республикасындағы көлік инфрақұрылымы шаруашылықаралық және мемлекетаралық қатынастарды дамытуда маңызды орын алады. Автомобиль көлігі елдің инфрақұрылымдық жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде азаматтардың өмірі мен денсаулығына тікелей әсер етеді. Соңғы жылдары жол-көлік оқиғаларының салдарынан зардап шеккен азаматтардың саны артты. Бұл оқиғалардың едәуір бөлігі қылмыстық сипатта болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» [1] атты халыққа жолдауында «... жол апаттары қоғамның зор алаңдаушылығын туғызып отыр. Жыл басынан бері жол-көлік оқиғасынан 1300-ден астам адам қаза болып, 16 мыңнан астам азамат зардап шекті. Адамдар күн сайын жол үстінде қазаға ұшырап жатыр. Олардың арасында тұтас отбасылар да бар. Жол-көлік инфрақұрылымын жақсарту және интеллектуалдық жүйені енгізу арқылы жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады. Бұл жергілікті ғана емес, республикалық жолдарға да қатысты мәселе» [1].

Жол-көлік оқиғасының орын алуына ықтимал себептің бірі жолдың қалыптан бұзылуы, әсіресе қалааралық үлкен жылдамдықты рұқсат беретін ұзын автомагистраль жолдардың үстіңгі қабатының дүзулігі жойылса немесе толқын пайда болуының өзі жол қауіпсіздігіне тікелей ықпалын тигізеді. Автомагистраль жолдардың үстіңгі қабатының бұзылуына тікелей себептің бірі, ол «... ірі габаритті жүктерді жүк автомобильдерімен тасымалдауды жүзеге асыру барысында автокөлік құралының (жүкпен немесе жүксіз) нақты осьтік жүктемелерінің жол берілетін осьтік жүктемелеріне және (әрбір артық жүк тиелген жеке, қосарланған және үштіктелген осьтер үшін), габариттерінің ені және ұзындығы бойынша жол берілетін габариттік өлшемдерден асып кетуі жолға зиянын тигізіп жатыр. Ірі габаритті жүктерді жүк автомобильдерімен тасымалдауды жүзеге асыру барысында автокөлік құралдарының» [13] талапты сақтамауы көлік инфрақұрылымына, экономикаға залалы және құқықтық тұрғыдан тәжірибеде дұрыс реттелмеуі өзекті мәселеге айналып отыр, сондықтан, зерттеу тақырыбының актуальды дәрежесі өте жоғары және зерттеуді талап етеді. Бүгінгі күні ірі габаритті жүктерді жүк автомобильдерімен тасымалдау қағидаларын бұзғаны үшін құқықтық жауаптылық мәселесіне арнайы ғылыми зерттеулер жүргізілген жоқ.

Тікелей тақырып бойынша зерттеулер болмағанымен жалпы жол көлік ережесін бұзу бойынша әкімшілік және қылмыстық-құқықтық сипатын зерттеген отандық ғалымдардың еңбегіне сүйенеміз және диссертация

бойынша ізденіске еңбектері арқау болып отырған ғалымдар, атап айтқанда, Е.О.

Алауханов, А.Н. Ағыбаев, К.А. Бакишев, И.Ш. Борчашвили, Д.А. Оспанова, Д.О. Кусаинов, С.В. Корнейчук, Ғ.С. Мәуленов, Е.О. Оңғарбаев, Р.А. Подопригора сияқты ғалымдардың ғылыми еңбектері мен оқу құралдары.

Шет ел ғалымдарының ішінде айтылған мәселеге өз зерттеулерін арнаған авторлар, Н.С. Алексеев, Б.Е. Боровский, К. Бухала, Н.В. Галахова, В.К. Глистин, В.И. Жулев, В.Е. Квашис, В.В. Клочков, Д.С. Ковалев, А.С. Кузьмина, Б.А. Куринов, Ш.Д. Махмудов, А.И. Чучаев. Көрсетілген авторлардың барлығы зерттелудің жалпы жол-көлік ережесін бұзу бойынша, көліктік қылмыстық құқықбұзушылықтарға арнаған, ал нақты ірі габаритті жүктерді жүк автомобильдерімен тасымалдауды жүзеге асыру барысында автокөлік құралдарына арналған талаптарды орындамау мәселесін зерттеу қамтылмаған. Елімізде осы саланы реттеуге арналған нормативтік құқықтық актілер ғана қалыптастырылған, ғылыми тұрғыдан зерттеу жүргізу, кезек күттірмейтін мәселе екені айқын.

Магистрлік диссертацияның мақсаты Қазақстан Республикасында ірі габаритті жүктерді жүк автомобильдерімен тасымалдау ережелерін бұзғаны үшін құқықтық жауаптылық мәселесін зерттеу және жауаптылықты күшейту жолдарын әзірлеу, заңнамаға тиісті өзгерістер енгізуді ұсыну.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттер белгіленді:

- ірі габаритті жүктерді тасымалдауды реттеу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын және халықаралық тәжірибені салыстырып сипаттау;

- Қазақстан Республикасының «Автомобиль көлігі туралы» [4] заңының, ҚР ӘҚБтК және ҚР ҚК қолдану тәжірибесіне талдау жүргізу;

- жүктерді жүк автомобильдерімен тасымалдау кезінде құқықтық жауаптылық талаптарының орындалуын бақылау мәселелерін анықтау;

- жүктерді жүк автомобильдерімен тасымалдау қағидаларын бұзу бойынша құқықтық жауаптылық проблемаларын шешу жолдарын келешекте жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объектісі ірі габаритті және ауыр жүктерді тасымалдау бойынша ережелерін бұзу салдарынан туындайтын және құқықтық жауаптылықты қамтамасыз ету мәселесінен туындайтын құқықтық қатынастар болып табылады.

Зерттеу пәні ірі габаритті және ауыр жүктерді тасымалдауға қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары, атап айтқанда, әкімшілік және қылмыстық құқықтық, автомобиль көлігі туралы заңдары, сондай-ақ, аталған заңдардың пайдалану ережелерін бұзу, алдын алуды тәжірибеде қолдану.

Зерттеудің нормативтік базасы, ол ҚР Конституциясы, ҚР Қылмыстық кодексі (бұдан әрі – ҚК), ҚР Қылмыстық-процестік кодексі (бұдан әрі – ҚПК), ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (бұдан әрі – ӘҚБтК), ҚР

«Автомобиль көлігі туралы» Заңы (бұдан әрі – АКТ) және аталған бағыттағы нормативтік құқықтық актілер.

Зерттеудің әдіснамалық базасы. Зерттеудің әдістемелік негізін диалектикалық-материалистік таным әдісі, сонымен бірге бірқатар зерттеудің жалпы ғылыми және арнайы әдістерін қолдану: аналогия, талдау, салыстыру, синтез, жүйелік-құрылымдық әдіс, тарихи, салыстырмалы-құқықтық және статистикалық зерттеу тәсілдері, сондай-ақ, әкімшілік құқық, қылмыстық құқық ғылымының арнайы әдістері қолданылып, жан-жақты теориялық және тәжірибелік тұрғыда зерттеу жүргізілді.

Ғылыми жаңалығы. Заңдық тұрғыдан ірі габаритті және ауыр жүктерді тасымалдау ережелерін бұзу бойынша құқықтық жауаптылық өндірісін бастауды ұйымдастырудың тиімді жүйесін құруға қол жеткізу арқылы актоқолік теориясын дамытуға мүмкіндік беретін жаңа тиімді білім әзірлеуге негізделген. Ірі габаритті және ауыр жүктерді тасымалдау ережелерін бұзу фактілері бойынша әкімшілік, қылмыстық бастауды ұйымдастыру мәселелерін зерттеу жүргізіліп, осы салада табылған ғалымдардың ұстанымдарын талдаулар дайындау. Сондықтан, зерттеудің ғылыми жаңалығы ҚР әкімшілік құқық және ҚР қылмыстық құқығы және ұлттық заңдар синтезі негізінде көлікпен жүк тасымалына байланысты талаптардың қамтамасыз ету мәселелері магистрлік диссертация дәрежесінде алғашқы зерттеу болып табылады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер:

1. Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-ның, ҚК-ның және АКТ заңға, оның ішінде ірі габаритті және ауыр жүктерді тасымалдау ережелерін бұзуға бойынша келтірілген залал ұғымы Қазақстан Республикасы ҚК-нің залал ұғымымен тең қарастырылып сәйкестендірілуі ұсынылды.

2. Қазақстан Республикасы ҚК-ның қылмыстық құқықбұзушылық ретінде ауыр жүктерді тасымалдау ережелерін бұзған фактіні қылмыстық жол-көлік құқық бұзушылықтары санатына жатқызу үшін Қазақстан Республикасы ҚК-ның көліктегі қылмыстық құқық бұзушылық бөліміне 345-2-бап ретінде енгізіліп, көлік құралдарын басқаратын адамдардың ірі габаритті және ауыр жүктерді тасымалдау қағидаларын бұзуы атауымен заң нормамен толықтыру қажеттілігі зерттеумен негізделді. Осыған байланысты ҚР ҚК-нің 345-2-бабында мынадай редакцияда жазылсын:

«Ірі габаритті және ауыр жүктерді тасымалдайтын автомобиль не басқа да механикалық көлік құралын басқаратын адамның жүктерді тасымалдау қағидаларын бұзу залалға әкеп соғуы – бірден екі жылға дейінгі мерзімге бостандығын айыра отырып, елу айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не түзеу жұмыстарына екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады» деген жана норма сөздермен толықтырылсын.

3. Жүктерді жүк автомобильдерімен тасымалдау қағидаларын бұзғанын АҚК иесі (немесе жүргізушісі) біле тұра қасақана көліктік бақылау инспекторының талабына бағынбастан, АҚК тиелген жүкті түсіріп тастағанда

немесе АҚК өлшеуге арналған таразыға шығудан 3-сағаттан артық бас тартқанда жағдайдың алдын алу бойынша заң нормамен толықтыру қажеттілігі зерттеумен негізделді. Осыған байланысты ҚР ҚК-нің 379-бабы 1-1-бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекетке залал келтіретін, әкімшілік құқық бұзушылық жасағанын біле тұра, жауаптылықтан жалтару мақсатында, билік өкілінің заңды талабына немесе өкіміне бағынбау» деген жана норма сөздермен толықтырылсын.

4. Әкімшілік құқық бұзушылықтар, соның ішінде ірі габаритті және ауыр жүктерді тасымалдау қағидаларын бұзудың алдын-алу үшін Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңның 38-1 бабымен мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары бойынша рұқсат етілген барынша салмағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген, автокөлік құралының жол берілген жалпы салмағынан асатын арнайы және өзі аударғыш автомобильмен жүктерді тасымалдауға жол берілмейді» деген жана норма сөздермен толықтырылсын.

5. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитетіне қарасты республика көлемінде көліктік бақылау инспекциясы республикалық мемлекеттік мекемелері тек облысы орталықтарында орналасуынан бөлек, халықаралық, республикалық, облыстық маңызы бар жолдардың бойында, кеден бекеттерінде арнайы көліктік бақылау бекеттерінде көліктік бақылаудың интеллектуалдық жүйесін және тәуекелдерді басқару жүйесін пайдаланумен қоса арнайы автоматтандырылған өлшеу жүйесін орнатумен қағидаларын бекіту жолдары негізделді. Нәтижесінде ірі габаритті және ауыр жүктерді тасымалдау ережелерін бұзу қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша құқықтық жауаптылықты бастау оңтайландырылады. Аталған бағыттағы көліктік бақылау инспекциясының жұмысын ұйымдастыру нақты тәжірибесі қалыптасады.

Зерттеу кезеңдері, күтілетін нәтижелер және оларды енгізудің болжанатын бағыттары мен апробациялар. Негізгі тұжырымдар мен ұсыныстар Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының арнайы заң пәндері кафедрасының отырысында талқыланды, сондай-ақ халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалды және ғылыми мақалаларда жарияланды. Зерттеу нәтижелері оқу процесінде, қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасын жетілдіруде, ірі габаритті және ауыр жүктерді тасымалдауда туындаған мәселелерінде құқық қорғау және мемлекеттік органдардың практикалық қызметінде, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде пайдалану үшін ұсынылады. Магистрлік диссертациялық зерттеу ірі габаритті және ауыр жүктерді тасымалдау

ережелерін бұзу фактілерін анықтау мәселелері теориялық білімді жүйелейді және тереңдетеді.

1 Ірі габаритті және ауыр жүктерді тасымалдау ережелерінің жалпы сипаттамасы

1.1 Қазақстан Республикасындағы ірі габаритті және ауыр жүктерді тасымалдауды ережелерін қолдану қағидалары

Қазіргі өркениеттің дамуы көлік құралдарын пайдаланбай мүмкін емес. Көлік жүктерді және адамдарды құрлықта, суда және ауада тасымалдау үшін қолданылады. Көлік құралдарының қалыптасуы мен жетілдірілуінде ғылыми-техникалық ілгерілеудің күшті көрінісі бейнеленген және әр елдің және бүкіл адамзаттың экономикалық және әлеуметтік даму қарқынына айтарлықтай әсер етеді. Көлік қатынасының дамыған жүйесі кез келген елдің тұрақты экономикалық дамуының кепілі болып табылады.

Қоғамдық даму үшін маңызды көлік түрлерінің бірі – құрлық көлігі, яғни жер бетінде қозғалысты жүзеге асыратын көлік. Осы көлік құралдарының ішінде адамдар көбінесе жол қозғалысына арналған көлік құралдарын пайдаланады. Көліктің бұл түріне, ең алдымен, ішкі жану қозғалтқышының есебінен қозғалатын автомобиль және басқа көлік жатады. Аталған көліктің қозғалысы кезінде туындайтын қатынастардың барлық кешені әдетте жол қозғалысы ұғымымен белгіленеді. Экономикамыздың күре тамыры республикалық жолдар болатын болса, ондағы пайдаланушылардың ішінде жеңіл автомобиль көлігі және жүк автомобильдерімен қоса, ірі габаритті және ауыр салмақты бөлінбейтін жүктерді автокөлік құралдары бар.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 228 бұйрығының (бұдан әрі - №228 бұйрық) 3-тармағының 14 және 15-тармақшаларына сәйкес ірі габаритті автокөлік құралы - автомобиль жолдары арқылы жүріп өту үшін Қазақстан Республикасы аумағында белгіленген рұқсат етілген габариттік параметрлері асып түсетін жүгімен немесе жүксіз автокөлік құралы ретінде танылады. Ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты жүк-автокөлік құралдарымен тасымалдау кезінде рұқсат етілген габариттік параметрлерден асатын және (немесе) жүгі бар автокөлік құралының толық салмағы немесе біліктік жүктемелері автомобиль жолдары арқылы жүріп өту үшін Қазақстан Республикасы аумағында белгіленген рұқсат етілген салмақтың параметрлерден асып түсетін жүк болып анықтама берілген [2].

№228 бұйрықтың 5-тармағына сәйкес, автомобиль жолдары бойынша қозғалу үшін автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағында рұқсат етілген габариттік және салмақтық параметрлерінен асатын автокөлік құралының габариттері мен салмағын ескере отырып, бөлінетін жүктерді автокөлік құралымен тасымалдауға жол берілмейді.

Ірі габаритті және ауыр салмақты бөлінбейтін жүктерді автокөлік құралдарымен тасымалдау, оның ішінде арнайы рұқсатты алу бөлігіндегі жалпы шарттар халықаралық шарттарда және Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасында айқындалады .

Ірі габаритті және ауыр салмақты автокөлік құралы қозғалысының жылдамдығы Арнайы рұқсатта белгіленген көрсеткіштерден аспауы тиіс. Ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының жалпы пайдаланылатын жолдар бойынша қозғалған кезде жылдамдығы 60 км/сағаттан, ал жасанды құрылыстарда 10 км/сағаттан аспауы тиіс.

Автокөлік құралдарының салмақтық және габариттік параметрлерін айқындау кезінде өлшеу жабдығының тасымалдаушының пайдасына шешілетін белгіленген ауытқулықтарын ескере отырып, автокөлік құралының параметрлерін өлшеу актісі жасалады. Автокөлік құралының параметрлерін өлшеу актілері қатаң есептілік бланкілері болып табылады.

Ауыр салмақты және ірі габаритті автокөлік құралдарының жол берілетін салмақтық және габариттік параметрлерінің асып кету фактісі анықталған жағдайда, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының кодексінде»[4] көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары қабылданады және мынадай жағдайларда:

1) автокөлік құралының салмақтық және габариттік параметрлерін асыра отырып, жол жүру бағыты бойынша әрі қарай жүксіз немесе бөлінбейтін жүкпен не мамандандырылған автомобиль-цистерналарында тасымалданатын сұйық жүкпен жүру және автокөлік құралдарының жол жүру бағыты іс жүзінде жүріп өткен жолына алым сомасын төлеу, сондай-ақ осы Қағидаларда белгіленген тәртіпте арнайы рұқсат қағазын ала отырып жүріп өту, алдағы бөлігіне алым сомасын төлеу, жүксіз немесе бөлінбейтін жүгі не мамандандырылған автомобиль-цистерналарында тасымалданатын сұйық жүгі бар ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының арнайы рұқсатсыз жүріп өткені анықталған кезде, сондай-ақ арнайы рұқсаттың мерзімі өтіп кеткен кезде;

2) Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілген параметрлеріне сәйкес келтіру үшін тасымалдаушының автокөлік құралын артық жүктен босатуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралы шыққан кезде және арнайы рұқсат берілместен іс жүзінде жүріп өткен бағыттың бір бөлігі үшін автокөлік құралдарының жүріп өтуіне алым сомасын төлеу - бөлінбейтін жүк немесе мамандандырылған автомобиль-цистерналарында тасымалданатын сұйық жүкке жатпайтын жүгі бар ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүріп өткені анықталған кезде;

3) автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін төленген алымға қосымша белгіленген тәртіпті бұза отырып және салмақтық және габариттік параметрлерді іс жүзінде көрсете отырып, белгілеген тәртіппен арнайы рұқсатты ала отырып, іс жүзінде жүріп өткен бағыт үшін автокөлік құралдарының алымын тасымалдаушы төлегеннен кейін - ірі габаритті және

ауыр салмақты автокөлік құралының арнайы рұқсатта көрсетілген параметрлерінің бірінен асып кету фактісі анықталған кезде;

4) тасымалдаушы іс жүзінде жүріп өткен бағыт бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым сомасын төлеген және белгіленген тәртіппен арнайы рұқсатты алғаннан кейін - ірі габаритті және ауыр салмақты автокөлік құралының жолды арнайы рұқсатта көрсетілген бағыттан ауытқи отырып жүріп өтуі анықталған кезде;

Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілген параметрлеріне сәйкес келтіру үшін тасымалдаушының автокөлік құралын артық жүктен босатуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралының шығуы үшін және іс жүзінде жүріп өткен жол үшін алым сомасын төлеу - бөлінбейтін жүкке немесе мамандандырылған автомобиль-цистерналарында тасымалданатын сұйық жүкке жатпайтын жүгі бар, арнайы рұқсаты бар ірі габаритті және ауыр салмақты автокөлік құралының жүріп өткені анықталған кезде тасымалдау қалпына келтіріледі.

Әлемнің көптеген елдерінде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қоғамның экономикалық және әлеуметтік мүдделерімен тығыз байланысы бар мемлекеттік мәселелер ретінде қарастырылады.

Жол-көлік апаттарына қарсы күрес жөніндегі барлық шаралар кешені тұтастай алғанда екі стратегиялық бағыт бойынша жүзеге асырылады: техникалық қорғау шараларын жетілдіру және жол қозғалысы қауіпсіздігін арттырудың құқықтық базасын жетілдіру.

Елімізде кәсіпкерлер ірі габаритті жүктерді жүк автомобильдерімен тасымалдауды жүзеге асыру барысында, заң бұзушылықтарға жол берілмеуіне және автокөлік құралдарымен (бұдан әрі - АКҚ) тасымалдауларға рұқсат беру жүйесін қолдану қағидалары мемлекетпен арнайы нормативтік құқықтық актілер қабылданған. Нақты: Салық кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, Қазақстан Республикасының «Автомобиль көлігі туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 353 бұйрығы (бұдан әрі - №353 бұйрық) т.б.

Аталған нормативтік құқықтық актілерде Қазақстан Республикасында кәсіпкерлер ірі габаритті жүктерді жүк автомобильдерімен тасымалдауды жүзеге асыру барысында автокөлік құралының (жүкпен немесе жүксіз) нақты осьтік жүктемелерінің жол берілетін осьтік жүктемелеріне және (әрбір артық жүк тиелген жеке, қосарланған және үштіктелген осьтер үшін), габариттерінің автокөлік құралдарының биіктігі, ені және ұзындығы бойынша жол берілетін габариттік өлшемдерден асып кетпеуін, асып кеткен жағдайда, оларды қалпына келтіру туралы шектеу ережелері бар.

Бұл ережелерді ірі габаритті жүктерді жүк автомобильдерімен тасымалдауды жүзеге асыру барысында заң талаптарын сақтамай жолдарға зиян келтіру деректері анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (бұдан әрі – ҚР Салық кодексі) кодекстің 554-бабында ірі габаритті және (немесе) салмағы ауыр отандық және шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жол жүргені үшін алым мөлшерлемелері көзделген.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 571-бабы 6-7 бөліктерінде, келесідей: 6. Ауыр салмақты автокөлік құралдарының салмақтық параметрлерден, оның ішінде автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнаулы бақылау-өлшеу техникалық құралдары мен аспаптарын пайдалану арқылы тіркелетін салмақтық параметрлерден асыра отырып, сол сияқты арнайы рұқсатсыз жүріп өтуі – жол берілетін салмақтық параметрлер бір тоннадан бес тоннаға дейін асырылған кезде жеке тұлғаларға – қырық, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – сексен, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, бес тоннадан он тоннаға дейін асырылған кезде жеке тұлғаларға – сексен, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз сексен, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, он тоннадан және одан жоғары асырылған кезде жеке тұлғаларға – бір жүз сексен, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – төрт жүз сексен, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жеті жүз сексен, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Ірі көлемді автокөлік құралдарының салмақтық параметрлерден, оның ішінде автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнаулы бақылау-өлшеу техникалық құралдары мен аспаптарын пайдалану арқылы тіркелетін салмақтық параметрлерден асыра отырып, сол сияқты арнайы рұқсатсыз жүріп өтуі – жеке тұлғаларға – жиырма, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады [6], ҚР «Автомобиль көлігі туралы» заңының (бұдан әрі – АКТ Заң) 38-бабы «Ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді автомобильмен тасымалдау» талаптарымен реттеледі .

Қазіргі уақытта, Қазақстан Республикасында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау барысында қолданыстағы заң нормаларының бір жүйеге келмегендігі анық байқалады, сондықтан бұл мәселе төңірегінде алдыда зерттеулер, құқықтық техника, заң әзірлеу жұмыстары жеткілікті.

«Ел экономикасының негізгі драйверінің бірі көлік-логистикалық әлеуетін дамыту арқылы, жаһандық жүк тасымалы саласында еліміздің транзиттік қабілетін арттыру басты стратегиялық бағыттардың бірі ретінде айқындалған» .

Бұл орайда жүктерді жүк автомобильдерімен тасымалдауы жыл сайын артып келеді. Мысалы, 2024 жылғы қаңтар – қарашада Республика көлігімен 977,4 млн. тонна жүк тасымалданды, бұл 2023 жылғы қаңтар-қараша деңгейінен 9,2%-ға өсті [7].

«Бұл дегеніміз, жыл сайын жүктерді жүк автомобильдерімен тасымалдауының артуы, осы саладағы бақылауды біріздендіре отырып, жүк тасымалдаумен айналысатын кәсіпкерлерге қолайлы орта қалыптастыру арқылы, адал бәскелестікті тудыру басты міндеттерді бірі» болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі «Автомобиль көлігі туралы» №476 Заңның 38-бабының 1-бөлігінде «автокөлік құралының көлемі мен салмағын ескерсек, автомобиль жолдарымен жүру үшін автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген, рұқсат етілген көлемдік және салмақтық параметрлерден асатын жүктер ірі көлемді және ауыр салмақты жүктер деп танылады». - деп көрсетілсе, 2-бөлігінде ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты деп көрсетілген

«Қарастырылып отырған, «ірі көлемді», «ірі габаритті» және «ауыр салмақты» жүктер сияқты бірқатар қолданыстағы заң терминдеріне құқықтық тұрғыдан баға беру арқылы, жүктерді жүк автомобильдерімен тасымалдау қағидаларын бұзғаны үшін құқықтық жауаптылық кезінде туындайтын проблемаларды зертеу арқылы, шешу жолдарын айқындау өте маңызды.

Мәселен, «ірі көлемді», «ірі габаритті» сөздері заңның орыс тілдегі нұсқасында «крупногабаритный» деп берілген.

Қазіргі кезде заң саласындағы құжаттарда қарама-қайшылық туғызып, шешімін таппай, назардан тыс қалып келе жатқан мәселелер өте көп. Себебі, заң саласындағы заңдардың, нормативтік құқықтық актілер мен тағы да басқа мемлекеттік құжаттардың едәуір бөлігін «терминдер» құрайды. Осы терминдердің негізгі мақсаты – түсінікті жеткізіліп, бір ұғымды білдіру болып табылады».

«Жоғарыда көрсетілгендей «ірі көлемді», «ірі габаритті» және «ауыр салмақты» терминдері заңның 1-бабында заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар қатарына жатқызылып, оларға анықтама беру қажет.

Елімізде кәсіпкерлер ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді жүк автомобильдерімен тасымалдауды жүзеге асыру барысында, заң бұзушылықтарға жол берілмеуіне және автокөлік құралдарымен (бұдан әрі – АКҚ) тасымалдауларға рұқсат беру жүйесін қолдану қағидалары мемлекетпен арнайы нормативтік құқықтық актілер қабылданған» .

Салық кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, Қазақстан Республикасының «Автомобиль көлігі туралы» заңы, Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 27.03.2015ж. №353 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану туралы» қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) және т.б.

Автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органның, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органдардың және автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператордың ААЖ-ның жұмыс істеуіне байланысты міндеттерді іске асыру жөніндегі құзыретін белгілеу.

Салмақ - габаритті бақылауды өлшеудің автоматтандырылған станцияларының желісін (бұдан әрі – АСЖ) құру оларды республикалық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарында, елді мекендердің көшелерінде орнатуды көздейді, бұл бүкіл көлік ағынын толық қамтуды қамтамасыз етеді.

АСЖ орнатуды, реконструкциялауды, жөндеуді, күтіп-ұстауды және пайдалануды АСЖ операторлары автомобиль көлігі туралы, Мемлекеттік сатып алу туралы, Мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы және концессиялар туралы заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырады деп болжанады.

Осыған байланысты, заң жобасында «Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының заңына Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық операторды халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автожолдардағы АСЖ операторын айқындайтын» толықтыру енгізу көзделген.

Заң жобасы шеңберінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автожолдарда, елді мекендердің көшелерінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы, жол қозғалысы саласындағы және концессиялар туралы заңнамада белгіленген тәртіппен АСЖ операторын айқындау жөніндегі құзыреті де белгіленеді.

«Бұдан басқа, заң жобасында автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органға мынадай құзыреттер беру көзделген:

- Қазақстан Республикасының аумағында автоматтандырылған өлшеу станцияларының тізбесін бекіту;

- станциялардың орналасу орындары мен жабдықтарына қойылатын талаптар; станциялардың қолданылу аймағының ұзақтығы; станциялардың жабдықтары мен мүліктерінің тізбесі; станциялардың жұмысын ұйымдастыру және автокөлік құралдарының салмақтық және габариттік параметрлерін өлшеу тәртібі; станция операторлары мен автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органның өзара іс-қимыл жасау тәртібі, сондай-ақ автомобиль көлігі саласындағы өзге де мәселелер белгіленетін АСЖ жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту станция жұмысымен;

- АСЖ жұмысын ұйымдастыру ережелерінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

- автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық операторға және жергілікті атқарушы органдарға АСЖ жұмысын ұйымдастыру қағидаларының анықталған бұзушылықтарын жою жөнінде ұсынымдар жолдау.

Жолаушыларды, багажды және жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдауға байланысты бұзушылықтар туралы мәліметтерді жинау, жинақтау, сақтау және өңдеу мақсатында көліктік бақылаудың зияткерлік жүйесі келешекте құрылатын болады.

Аталған нормативтік құқықтық актілерде «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлер ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді жүк автомобильдерімен тасымалдауды жүзеге асыру барысында автокөлік құралының (жүкпен немесе жүксіз) нақты осьтік жүктемелерінің жол берілетін осьтік жүктемелеріне және (әрбір артық жүк тиелген жеке, қосарланған және үштіктелген осьтер үшін), габариттерінің автокөлік құралдарының биіктігі, ені және ұзындығы бойынша жол берілетін габариттік өлшемдерден асып кетпеуін, асып кеткен жағдайда, оларды қалпына келтіру туралы шектеу ережелері бар.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушы 26.03.2015ж. «Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының жол берілетін параметрлерін бекіту туралы» №342 бұйрығының 13-тармағына сәйкес (бұдан әрі - Бұйрық), «АКҚ-ның жол берілетін салмақтары, екі білікті 18,0 тонна, үш білікті 25,0 тонна, төрт білікті, оның ішінде екі басқару білігі бар 32,0 тонна, бес білікті 38,0 тонна, алты және одан да астам білігі барлар 44,0 тонна салмақтан аспау тиіс...» [9].

Қазақстан Республикасы аумағында ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары бойынша рұқсат етілген барынша салмағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген, автокөлік құралының жол берілген жалпы салмағынан асатын өзі аударғыш автомобильмен жүктерді жеткізіу кезінде жолдарды жарамсыз қылып, мәселесіне құқықтық тұрғыдан қарасаңыз, заң бойынша жазалау тетігінің жеткіліксіздігі және экономикалық тұрғыдан жолдың мерзімінен бұрын бұзылуы шығын ретінде республикалық бюджетке айтарлықтай қомақты салмақ түсіретіні байқалады.

1.2 Қазақстан Республикасындағы ірі габаритті және ауыр жүктерді тасымалдау кезінде заңнама талаптарын бұзудың тәжірибелік мәселесі

Автокөлік құралдарының жол берілетін салмақтан асып кетуі, Қазақстан Республикасының 17.04.2014ж. №194 «Жол жүрісі туралы» заңының 68-бабына сәйкес, «көлік құралын мемлекеттік тіркеуден бас тартуға негіз болып табылмайды» [10].

Аталған Заңның 38-1 бабында «Қазақстан Республикасының ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары бойынша рұқсат етілген барынша салмағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген, автокөлік құралының жол берілген жалпы салмағынан асатын өзі аударғыш автомобильмен жүктерді тасымалдауға жол берілмейді» - деп көрсетілген талабы Қазақстан Республикасының 19.04.2019ж. №249 «Қазақстан

Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңымен алынып тасталған.

Сәйкесінше, «жол берілген жалпы салмағынан асатын ірі габариті және өзі аударғыш автомобильмен Қазақстан Республикасының ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарда жүруге заң тұрғысынан шектеулер болмауы салдарына жолдардың тез бүлініп, жарамсыз болып қалуына әкелуде.

Қазақстан Республикасының 25.12.2017 ж. Салық кодексінің 491-бабы 2-бөлігі 1-тармағында 40 тонна және одан жоғары жүк көтеретін карьерлік автосамосвалдар салық салу объектілері болып табылмайды.

Аталып өткендей Ғылыми зертеуде көрсетілген нормативтік құқықтық актілерде, Қазақстан Республикасында АҚК-ның автомобиль жолдарында жүруге арналған жол берілетін параметрлерден асуы бойынша нормативтік құқықтық актілерде бірізділік жоқ екендігін көрсетті.

Бұл орайда Қазақстан Республикасының 06.04.2016ж. «Құқықтық актілер туралы» заңының 10-бабының 3-тармағына сәйкес: Төмен тұрған деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің әрқайсысы жоғары тұрған деңгейлердегі нормативтік құқықтық актілерге қайшы келмеуге тиіс.

Осылайша, АҚК мемлекеттік тіркеу басында, жол берілетін параметрлерден асатын АҚК тіркеуге алудың ортақ ережесін қалыптастыра отырып, заңдар нормаларындағы сәйкессіздіктер мен бар қайшылықтарды барынша азайту керек.

Ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді жүк автомобильдерімен тасымалдауды жүзеге асыру барысында заң талаптарын сақтамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 571-бабы 6-бөлігінде Ауыр салмақты автокөлік құралдарының салмақтық параметрлерден, оның ішінде арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарын пайдалану арқылы тіркелетін салмақтық параметрлерден асыра отырып, сол сияқты арнайы рұқсатсыз жүріп өтуі бойынша әкімшілік жауаптылыққа тарту арқылы, Салық кодексінің 554-бабында ірі габаритті және (немесе) салмағы ауыр отандық және шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жол жүргені үшін алым мөлшерлемелері көзделген.

Қолданыста жүрген Қытай Халық Республикасынан импортталатын Shacman Howo Faw т.б. маркалы өзі аударғыш жүк автомобильдернің салмағы АҚК-на жол берілетін салмақтарына бірнеше есе асып кетеді.

Мысалы, Shacman CX3258ДР384 маркалы үш білікті АҚК-ның көлік құралын тіркеу туралы куәлігінің 9-сипаттамасында жүктемесіз массасы 15500 кг, 10-сипаттамасында рұқсат етілетін ең ауыр салмағы 31000 кг деп көрсетілсе, аталған АҚК-ның техникалық сипаттамында жүксіз салмағы 16 тонна, жүк көтергіштігі 25 тонна, ең ауыр саламағы 40 тонна деп көрсетілген.

2023 жылғы 25 мамырда Ақтөбе көліктік бақылау инспекциясы мен «Самара-Шымкент» халықаралық тасжолында Shacman CX3258ДР384 маркалы АҚК-ын тоқтатып салмағын есептеу барысында ең ауыр салмағы 40680 кг көрсеткен (нақтылайтын құжат).

Дәл осындай Shacman CX33118ДТ366 маркалы төрт білікті АКҚ-ның көлік құралын тіркеу туралы куәлігінің 9-сипаттамасында жүктемесіз массасы 17500 кг, 10-сипаттамасында рұқсат етілетін ең ауыр салмағы 31000 кг деп көрсетсе, аталған АКҚ-ның техникалық сипаттамасында жүксіз салмағы 16 тонна, жүк көтергіштігі 40 тонна, ең ауыр саламығ 56 тонна деп көрсетілген (нақтылайтын құжат қосымшаға тіркелді).

Бұл сектордың басты проблемалары жолдардың сапасыздығы және автопарктің жетіспеушілігі. Сарапшылардың пікірінше, «негізгі себеп – Қытай мен Өзбекстан көлік-кеден қақпасындағы автомобильдердің кептелісі, бақылаудың әлсіздігі. Нәтижесінде, шамадан тыс жүктелген машиналар біздің жолдарымызды бұзады, бұл мемлекеттің инвестицияларын пайдасыз етеді. Ендігі заң, ережелермен қамтылған талаптар мен тәжірибеде орын алатын жағдайды ашып көрсету осы бөлімнің мазмұнын құрайды. Кәсіпкерлер тауардың тезірек жіне ауқымды көлемде жеткізу сапасына көбірек көңіл бөлетін болды. Түсінікті, мұндағы экономикалық тиімділік және жұмысты жылдам атқару, орындалатын жұмыстың уақытын қысқарту, пайдаға кенелу басым мақсат екені бесенеден белгілі. Кәсіпорындар, кәсіпкерлер арасындағы жоғары бәсекелестік, тапсырысты тұрақты алып тұру экономикалық ынтасы, пайданың көлемін арттыру дегендей факторлар, көбіне заң бұзушылық немесе ереже талаптарды сақтамау салдарына жеткізіп жататыны туралы сараптамашылар, зерттеушілер жиі келтіріп жатады» [2].

Қазақстанның жол саласының басты мәселесі, бұрынғыдай, жол жабындарының мерзімінен бұрын бұзылуы және тозуы болып қала береді.

Жолдардың бұзылуына негізінен ауыр және ірі көлемді автокөлік құралдарының жоғары қарқындылығы ықпал етеді. Қазақстанда автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау көлемі соңғы он жылда екі еседен астам ұлғайды және көліктің барлық түрлерімен тасымалданған жүктердің жалпы көлемінің 83% - дан астамын құрады.

Бекеттердің жұмысы лауазымды адамның тасымалдаушымен тікелей байланысына байланысты адами факторға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырады. Осылайша, көліктік бақылау бекеттерінің күшімен ғана автомобиль жолдарының сақталу проблемасы шешілмейді. «Қозғалыста өлшеу қағидаты бойынша жұмыс істейтін салмақты габаритті бақылаудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу өзекті.

«Қозғалыстағы салмақ» жүйесі (Weigh-in-motion) жаңалық емес. Мұндай салмақты бақылау бекеттері бүкіл әлемде бар. Осы ауқымды жобаны іске асыруда автомобиль көлігі саласындағы қолданыстағы заңнаманы одан әрі жетілдіру шешуші рөл атқарады. Осыған байланысты, заң жобасында заңнамалық актілерге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген:

Ірі габаритті, ауыр салмақты жүктерді жүк автомобильдерімен тасымалдау қағидаларын бұзғаны үшін құқықтық жауаптылыққа тарту құқығы Қазақстан Республикасы индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің көлік комитетіне қарасты республика көлемінде көліктік бақылау инспекциясына берілген.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің статистикалық мәліметтеріне сәйкес, Көліктік бақылау инспекциясымен республика бойынша 2021 жылы 3550 әкімшілік іс қаралып 166 737 653 теңге, 2022 жылы 6250 әкімшілік іс қаралып 877 482 066 теңге, 2023 жылы 15622 әкімшілік іс қаралып 1 338 676 881 теңге айыппұл салынған. Бұл дегеніміз, жыл сайын жүк тасымалдау қағидаларын бұзу саны артып келе жатқандығын көрсететті.

Халықаралық тасымалдау саласындағы көлік заңнамасының жүйесі асығыс және құқықтық болжау рәсімін сақтамай қабылданатын нормативтік актілерге негізделеді.

Сондықтан, көлік министрлігі үшін басым міндеттердің қатарына осы салада нормативтік құқықтық актілерді дайындау сапасын арттыру, сондай-ақ қолданыстағы нормаларда отандық тасымалдаушылардың жағдайын нашарлататын жағдайларды алып тастау айқындалды.

Бейінді министрлік пен басқа да орталық органдар арасында көлік саласына қолайлы жағдайлар жасау және дамыту үшін халықаралық автомобиль тасымалдарына мониторинг пен бақылауды жүйелі негізде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бірыңғай алгоритм жоқ. Бұл негізінен қаржы, Ішкі істер министрлігі мен басқа да мүдделі органдар арасындағы цифрлық ортада құрылған ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимылдың болуымен байланысты. Осыған байланысты көлік министрлігіне қысқа мерзімде тиісті алгоритм әзірлеуге және көліктік бақылаудың автоматтандырылған жүйелерін басқа бақылаушы органдардың жүйелерімен интеграциялаудың «ауыр» проблемаларын шешуге мүмкіндік беретін шаралар қажет.

Ел жолдарында автокөлік құралдарының салмақтық және габариттік параметрлерінің асып кетуін белгілеуге арналған электрондық өлшеу құрылғыларының жұмысында да елеулі кемшіліктер орын алады.

10 жыл ішінде олардың жұмысы реттелмеген, нәтижесінде 800 мыңнан астам көлік құралдары автоматтандырылған бақылаусыз қалады, ал мемлекет жолдарды жөндеуге миллиардтаған шығын келтіреді. Осы себепті «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне көлік инспекторлары тарапынан ықтимал сыбайлас жемқорлық көріністерінің жолын кесуге бағытталған алдын алу шараларын әзірлеу қажет» [46].

Сондай-ақ, бейінді министрлік үшін басым міндеттердің қатарына отандық тасымалдаушыларға жүктерді халықаралық тасымалдауға шетелдік рұқсаттар беру бойынша Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру айқындалды. Тек көлік прокурорлары іріктеп тексеру нәтижелері бойынша осындай рұқсат құжаттарын заңсыз берудің 400-ден астам фактісі анықталды.

«... Жүк автомобильдерімен шамадан тыс жүктерді тасымалдау және бірнеше рет қайталау салдарына жол құрылымындағы табиғи факторлардың бірлескен әсерінен кернеулер мен деформациялар пайда болады. Олар біртіндеп жиналып, деформациялардың жиналуына және жолдың бұзылуына әкеледі» [14].

Бұл дегеніміз ірі габаритті және артық салмақты жүктерді тасымалдайтын жүк автомобильдері тасымалдау қағидаларын бұзғанын анықтауға арналған электрондық өлшеу құралдары өз деңгейінде жұмыс жасамауы салдарынан, жүк автомобильдерінің құқықтық жауаптылыққа тарту кезінде проблемалар туындатуда.

Қолданыстағы нормативтік және заңнамалық шектеулерге қарамастан, әлемнің барлық дерлік елдерінде нормативтік осьтік жүктемелер мен автокөлік құралдарының толық массаларының асып кетуі байқалады, бұл негізінен жол пайдаланушыларының ықтимал салдарға қарамастан қосымша пайда табуға деген ұмтылысымен түсіндіріледі.

Басты проблемалардың бірі – осы санаттағы әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді автомобильмен тасымалдау барысында көліктік бақылау инспекторының талабына бағынбастан, АКҚ иесі тиелген жүкті түсіріп тастағанда немесе АКҚ өлшеуге арналған таразыға шығудан бас тартқанда нақты массасының жол берілетін жалпы массадан асып кеткені үшін алым сомасы көрсетілген алым мөлшерлемесін асып кету мөлшеріне және маршрут бойынша тасымалдаудың тиісті арақашықтығы бойынша келтірілген залалды анықтаудың мүмкін еместігі болып табылады.

Бұндай жағдайда, көліктік бақылау инспекторының талабына бағынбағаны үшін АКҚ жүргізушісін ӘҚБтК-нің 667-бабымен әкімшілік хаттама толтырып, сотқа жолдайды. Сот 667-баптың диспозициясына сәйкес, АКҚ жүргізушісіне отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу жазасын тағайындаумен ғана шектеледі.

Жоғарыда айтылған мәселерді қортындылай келе, жүктерді жүк автомобильдерімен тасымалдау қағидаларын бұзғанын АКҚ иесі (немесе жүргізушісі) біле тұра қасақана көліктік бақылау инспекторының талабына бағынбастан, АКҚ тиелген жүкті түсіріп тастағанда немесе АКҚ өлшеуге арналған таразыға шығудан 3-сағаттан артық бас тартқанда жағдайда Қазақстан Республикасының ҚК-ның 379-бабын 1-1-бөлігімен (билік өкіліне бағынбау) «мемлекетке айтарлықтай залал келтіретін, әкімшілік құқық бұзушылық жасағанын біле тұра, жауаптылықтан жалтару мақсатында, билік өкілінің заңды талабына немесе өкіміне бағынбау» деп толықтыруды ұсынамын.

Тәжірибеден алатын болсақ, 18.09.2023 жылы «TransConsulting» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен Хоргос кеден бекетіне (ҚХР) - Нұр Жолы кеден бекетіне дейін (ҚР) тасымалданып келе жетқан ірі габаритті жалпы салмағы 243.08 тонна болатын жүк «Самара-Шымкент» халық аралық жолының 890 км/де патрульдік полициясымен ҚР аумағы арқылы ірі габаритті АКҚ жүріп өтуіне арнайы рұқсаты болғанына қарамастан тоқтатылып жүруге тыйым салынған. Жүруге тыйым салынудың негізі ретінде «Самара-Шымкент» халықаралық жолында орналасқан көпірлердің жүк көртерім салмағы 80 тоннадан аспайтындығын көрсеткен. Алайда, бір тәуліктен соң

кәсіпкердің шағымынан соң жүруге рұқсат берген. Көрсетілген мәлімет ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау барысында жолдардың мүмкіншіліктері ескерілмейтіндігі анық көрсетіп берді.

Сондай-ақ, осы салада сыбайлас жемқорлық тәуелдері болуы мүмкіндіктерін жоққа шығармайды (рұқсат беру құжаттары қосымшаға тіркелді). Мысалы, Ақтөбе қаласының көлік прокуратурасының 19.04.2023

рұқсат құжаттарын беру тәртібін тексеру қорытындысы бойынша мынадай кемшіліктер атап өтілді:

04.04.2023 жылы «Сариев Айдос Әбілғазыұлы» ЖК халықаралық автомобиль тасымалдаушысы 2 шетелдік рұқсат бланкісін (Қытай ҚХР «С» №0025242, №0025243) қайтарып берді, олар мтнз 344sea04 тартқышы, мтнз 621ga04 жартылай тіркемесі және МТНЗ тартқышы автокөлік құралдарында пайдаланылды 050asa04, грнз жартылай тіркемесі 50abo04.

Қайтарылған рұқсаттар туралы ақпаратты электрондық өтінім беру жүйесіне енгізген кезде МТНЗ 50abo04 жартылай тіркемесінде рұқсат карточкасы жоқ екені анықталды, жүктерді тасымалдау рұқсат карточкасынсыз жүзеге асырылды.

Осылайша, «Сариев Айдос Әбілғазыұлы» ЖК тасымалдаушысының іс-әрекеттерінде отандық тасымалдаушының отандық тасымалдаушының рұқсат карточкаларында көрсетілмеген автокөлік құралына шетелдік рұқсатты пайдалану фактісі бойынша, сондай-ақ ҚР ӘҚБтК 463-бабының 1-бөлігі бойынша халықаралық тасымалдауды жүзеге асыру фактісі бойынша ҚР ӘҚБтК 573-бабының 2-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар жасау белгілері көрінеді рұқсат карточкасы жоқ жүктерді тасыған.

Автокөлік құралына рұқсат карточкасын негізсіз беру (жүктерді халықаралық тасымалдау).

Талданатын кезеңдерде уәкілетті орган автотасымалдау саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін 959 әкімшілік материал жасады, оның 183-і ведомстволық бағыныстылығы бойынша сот органдарына берілді. Талдау жүргізу барысында Әкімшілік құқық бұзушылық және бұрмалау туралы хаттамалар жасау рәсімін бұзу фактісі анықталды. Тексерудің алдын ала нәтижелері халықаралық жүк және жолаушылар тасымалын көліктік бақылау саласындағы заңдылықты қамтамасыз ету жөніндегі инспекция тарапынан жүйелі жұмыстың жоқтығын куәландырады.

Алайда, тәжірибе көрсеткендей, бұл саланы бақылауға және арнайы рұқсаттар беруге жауапты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті және облыстары бойынша көліктік бақылау инспекциясылары ҚР ӘҚБтК-тің 464, 559 (екінші, үшінші, төртінші, алтыншы, жетінші, сегізінші және тоғызыншы бөліктерінде), 561, 571, 571-1, 572, 573, 575, 577, 578, 579, 580, 581, 582, 583, 584, 585, 586, 587, 588, 590 (сегізінші бөлігінде), 616, 621 (бірінші, екінші және төртінші бөліктерінде), 623, 624-1, 625 (автомобиль көлігіндегі бұзушылықтар бөлігінде), 627, 628-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау барысында және ірі габаритті және ауыр салмақты

жүктерді автомобильмен тасымалдау бойынша №353 бұйрыққа сәйкес рұқсаттарды беру барысында бірқатар қиындықтар бар.

Сол себепті, ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді автомобильмен тасымалдау бойынша заң талаптарын бұзған үшін құқықтық жауаптылықтармен арнайы рұқсаттар беру бойынша туындаған проблемалар мен оларды шешу жолдарыда бір жүйелік тәжірибе қалыптаспаған.

Басты мәселенің бастауы – осы санаттағы әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді автомобильмен тасымалдау барысында көліктік бақылау инспекторының талабына бағынбастан, АҚК иесі тиелген жүкті түсіріп тастағанда немесе АҚК өлшеуге арналған таразыға шығудан бас тартқанда нақты массасының жол берілетін жалпы массадан асып кеткені үшін алым сомасы көрсетілген алым мөлшерлемесін асып кету мөлшеріне және маршрут бойынша тасымалдаудың тиісті арақашықтығы бойынша келтірілген залалды анықтаудың мүмкін еместігі болып табылады.

Бұндай жағдайда, көліктік бақылау инспекторының талабына бағынбағаны үшін АҚК жүргізушісін ӘҚБтК 667-бабымен әкімшілік хаттама жасақтап сотқа жолдайды. Сот 667-баптың диспозициясына сәйкес АҚК жүргізушісіне отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу жазасын тағайындаумен ғана шектеледі. АҚК иесі ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді автомобильмен тасымалдау қағидаларын бұзу мен ауыр салмақпен жүру әрекеттерінің салдарынан жолға келтірілген залал анықталмайды және арнайы алым соммасын төлеуден қасақана жалтарғаны үшін ҚР Қылмыстық кодекстің (бұдан әрі - ҚР ҚК) 236-бабымен сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірісін бастау мүмкін емес. Себебі, аталған баптардың диспозициясына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы арнайы төлеуден жалтару салдарынан ірі мөлшерде залал келтірілген жағдайда ғана орын алады.

ҚР-ның Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚПК) 179-бабының 1-бөлігіне сәйкес «залал туралы мәліметтері жоқ қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз, хабар немесе баянат тіркелуге жатпайды» [5].

Бұл орайда, қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша келтірілген залал көлемін анықтау мүмкін емес. Ондай қызыметті атқару көліктік бақылау инспекторы құзыретіне жатпайды, және де қылмыстық іс жүргізе алмайды. Көліктік бақылау инспекциясы аталған бағытта құзырет берілген қызметкер ретінде, құқық қорғау органдары қызметін атқарып сараптама тағайындай алмайды. Сәйкесінше, осындай залалдарды анықтап қылмыстық қудалауды жүзеге асыраты құқық қорғау органдарында бірде-бір нормативтік құқықтық акт зертеу барысында анықталмады.

Еліміз бойынша «2021-2023 жылдар аралығында АҚК иелері көліктік бақылау инспекторының талабына бағынбай тиелген жүкті түсіріп тастағанда немесе АҚК өлшеуге арналған таразыға шығудан бас тартып арнайы төлеуден жалтарғаны үшін Қылмыстық кодекстің 236-бабымен берде бір қылмыстық іс қозғалмаған» [6].

Сонымен қатар, осы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша келтірілген залалдың мағынасы нормативтік құқықтық актілерде нақты айқындалмаған. Мысалы: Қылмыстық кодекстің 3-бабының 38-тармағына сәйкес ірі залал және ірі мөлшер – ҚР ҚК-нің 236-бапта төленбеген кедендік баждардың, кедендік алымдардың, салықтардың, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының бес мың айлық есептік көрсеткіштен (бұдан әрі – АЕК) асатын құны. 2023 жылғы АЕК есептегенде 17 250 000 теңгені ( $3460 \times 5000 = 17250000$ ) құрайды. Сонымен қатар, арнайы төлем түсінігі Қылмыстық кодекспен айқындалмаған.

Бұл дегеніміз, Қазақстан Республикасында ірі габаритті жүктерді жүк автомобильдерімен тасымалдау қағидаларын бұзған жүк тасушыларға жауаптылықтан қасақана жалтарған жағдайда АҚК жүргізушісін ӘҚБтК 667-бабымен жауаптылыққа тартылып жүк иесіне АҚК-ның иесін (жүк тасушы) тарту мүмкін емес.

Келесі негізгі проблемалардың бірі - көлік бақылау саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитетіне қарасты республика көлемінде көліктік бақылау инспекциясы республикалық мемлекеттік мекемелері тек облысы орталықтарында орналасып, халықаралық, республикалық, облыстық маңызы бар жолдардың бойында, кеден бекеттерінде арнайы көліктік бақылау бекеттерінің жоқтығында. Бүгінгі күні әр облысы бойынша көліктік бақылау инспекцияларындағы бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы жасақталған бір-екі автокөлік құралы ғана бар.

Сонымен қатар еліміз бойынша көліктік бақылау инспекцияларының автокөліктері соңғы 2012-2022 ж.ж. аралығында Көлік комитеті тарапына жаңартылмаған. Көлік комитетімен 2023 жылы арнайы жасақталған 18 автокөлік сатылып алынған. Республика бойынша 22 көліктік бақылау инспекциялары барын, қолданыстағы автоліктердің жарамдылық мерзімдер асып кеткенін ескеретін болсақ 50% қамтылуды да құрамайды. Бұл дегеніміз ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді жүк автомобильдерімен тасымалдау толық қанды бақылаудың болауы, заңдардың толық қанды орындалуы мүмкін еместігін көрсетіп береді.

Осы тұрғыда проблемалардың бірі Қазақстан Республикасының ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары бойынша рұқсат етілген барынша салмағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген, автокөлік құралының жол берілген жалпы салмағынан асатын өзі аударғыш автомобильмен жүктерді тасымалдауға жол бермеу бойынша тыйымды Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Автомобиль көлігі туралы №476 Заңнан 19.04.2019 жылы алып тастауы.

Осының салдарына заңнамада белгіленген, автокөлік құралының жол берілген жалпы салмағынан асатын өзі аударғыш автомобильдер жүктерді еркін тасымалдауда.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен үш осьтік АҚК барлық салмағы 25-тонна, төрт осьтік АҚК барлық салмағы 32-тоннадан, көп осьті

АКҚ жалпы салмағы 40 тоннадан аспау керек. Қазіргі таңда қолданыста жүрген «Қытай халық Республикасында импортталған Shacman Howo FAW т.б. маркалы өзі аударғыш жүк автомобильдернің үш остілері жүксіз 16 тонна жүкпен 40 тонна салмақ болады, төрт остілері жүксіз 17,5 тонна жүкпен 57 тонна болады, көп осьтілердің жүксіз салмағының өзі 25 тоннадан басталады [1]. Бұндай өзі аударғыш жүк АКҚ күнде көріп жүрміз.

Жоғарыда көрсетілген және тағы басқа да қиындықтар оңтайлындырылмайынша ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді автомобильмен тасымалдау бойынша заң талаптарын бұзушылықтарға тиісті алдын алу (профилактика) жұмыстары нәтижесіз бола бермек. «Жүк тасушылар өздерінің әкімшілік, қылмыстық жауаптылыққа тартылмайтындықтарын сезініп, заңсыз іс – әрекеттерін жалғастыруда. Нәтижесінде АКҚ-мен пайдалану ережелерін бұзу әкімшілік, қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттері латенттік қылмыстық құқық бұзушылықтарға айналуға...» [13].

Сәйкесінше, айтылған проблемаларға байланысты зерттеу тақырыбы өте өзекті әрі оның өз шешімін табуы осы саладағы құқықтық қатынастар үшін маңызды болып табылады.

1.3 Ірі габаритті және ауыр жүктерді тасымалдау бойынша шет елдердің ережелерінің заңнамалық талаптары қолдану мәселесі.

Көлік қызметін құқықтық реттеу мәселелерін зерттеу және шешу құқықтың әртүрлі салалары үшін, ең алдымен кәсіпкерлік, азаматтық және әкімшілік құқық үшін ерекше қызығушылық тудырады.

Дамыған шет елдерде интеллектуалды көліктік бақылау жүйесі, интеллектуалды көлік жүйесінің ішкі жүйесі ретінде қызмет атқарады [15].

Еуропалық одақ деңгейінде көлік саласындағы қызметті реттеудің ерекшеліктері «осы ұлттықтан жоғары білім берудің ерекше сипаты мен жұмыс істеу сипатына байланысты: ЕО органдарының қызметі ЕО шегінде көлік инфрақұрылымын дамытудың неғұрлым жалпы бағыттарын әзірлеумен және жекелеген мүше мемлекеттердің олардың көлік жүйелерін жетілдіру жөніндегі күш - жігерін үйлестірумен шектеледі» [15].

ЕО-дағы көлік саясаты Еуропалық парламенттің және еуропалық кеңестің 1996 жылғы 23 шілдедегі но 1692/96/ЕС шешімімен бекітілген трансевропалық көлік жүйесін дамыту жөніндегі нұсқаулықтарына негізделген. (Трансевропалық көлік желісін дамытуға арналған қоғамдастық нұсқаулары).

Жол қозғалысы саласында басшылық ету халықаралық қатынастар үшін үлкен білімі бар, не ірі қалалық агломерацияларды байланыстыратын, не перифериялық аумақтарды ЕО-ның орталық аудандарымен байланыстыратын жаңа автомагистральдар салуды және жұмыс істеп тұрған автомагистральдарды жетілдіруді көздейді [15].

ЕО-ның жол қозғалысын ұйымдастыру туралы нормативтік актілерінде автомобиль жолдары мен жол инфрақұрылымын салу, реконструкциялау және пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғау қажеттілігіне ерекше назар аударылады.

«Германиядағы жол қозғалысын ұйымдастыруды мемлекеттік басқару жүйесінің ерекшелігі - жол қозғалысын мемлекеттік басқару саласындағы функциялардың нақты бөлінуі, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты атқарушы органдардың және қоғамдық бірлестіктер, кәсіпкерлер, сақтандырушылар, көлік құралдары өндірушілері атынан жұртшылықтың терең өзара іс-қимылы қамтылған» [14].

«Германия жолдарында Автоматты салмақты бақылауды енгізу 2010 жылдан бастап жүзеге асырылуда. 2017 жылдың мамыр айынан бастап Солтүстік Рейн-Вестфалия Федералды штатындағы (Нордрейн-Вестфален) А33 автобанында Schlob Hoilt және Stukenbrock-Senne конвенциялары арасында жүк көліктерінің осьтік жүктемесін өлшейтін динамикалық пункт жұмыс істейді. Жол төсеміне салынған индукциялық ілмектер қозғалыс қарқындылығы мен осьтер санын есептеуге жауап береді. Төрт сенсорлы жүктеме арқалығы да жолға салынған. Датчиктер жүк көлігінің немесе автопоездың әр осінен жүктемені тіркейді. Жабдық Автомобиль мен тіркемеде қандай осьтер бар екенін таниды және автопоездың толық салмағын есептейді.

Барлық деректер Германияның Федералды автомобиль жолдары ғылыми-зерттеу институтына (BASt) және FUGP-ге онлайн режимінде беріледі. Алынған ақпарат жол желісінің дамуын болжау және көптеген көпір құрылыстарының тозған жағдайына және негізгі магистральдардың шамадан тыс жүктелуіне байланысты жолдарды жөндеу және салу жоспарларына түзетулер енгізу үшін өңделеді

Неміс ережелері бойынша шамадан тыс жүктеме үшін айыппұлдар жүргізушіге де, машинаның шамадан тыс жүктелуіне жол берген жауапты адамға да қолданылады. Бұл көлік құралының иесі де, жүк жөнелтушінің өкілі де болуы мүмкін. Ақшалай айыппұлдан басқа айыппұл ұпайлары берілуі мүмкін. Белгілі бір балл жинаған кезде жүргізуші көлік құралын басқару құқығынан айырылады. Германияда бес осьті жүк көлігінің максималды рұқсат етілген салмағы 40 тонна. Жетекші оське рұқсат етілген жүктеме - 11,5 тоннаға дейін. Бір ось үшін 10 тоннаға дейін. Мысалы, егер осьтік жүктеме 20% - дан асса, айыппұл жүргізуші үшін 190 еуро және жүк көлігі иесінің компаниясы үшін 380 Еуро болады» [16].

Еуропадағы ірі көлемді көліктің рұқсат етілген өлшемдерін реттейтін негізгі құжат Еуропалық Одақ Кеңесінің №96/53 / ЕО директивасы болып табылады. Автопоездың максималды салмағы мен ұзындығын 60 тонна мен 25,5 м-ге дейін өзгерткен бірінші болып Финляндия мен Швеция болды. Бұл елдерде автопоездың үш осьті тартқышынан және тасымалданатын тіркемеден (екі осьті жылжымалы арбаның үш осьті тіркемесі негізінде) және орталық осі бар екі осьті тіркеме сериялық үлгідегі жартылай тіркемеге бекітілетін ершікті тіркемелі автопоездан (СПА) қалыптастырылған автопоездарды пайдалануға

рұқсат етіледі. ТМД елдерінде автомобиль көлігімен жүк тасымалдауға шектеулер автопоездың рұқсат етілген шекті массасын 44 тоннаны құрайды, АҚШ-та бұл көрсеткіш 48 тоннаға тең, ал олардың рұқсат етілген массасы 44 тоннаны құрайды, Еуропада 45, 48, 53 футтық контейнерлер қолданылмайды, ал Канада мен АҚШ-та олар жоғары сұранысқа ие.

Ұлыбританиядағы жол қозғалысын ұйымдастыру бірқатар заңнамалық актілерге арналған, олардың арасында «1984 жылғы 26 маусымдағы жол қозғалысын реттеу туралы Акт (road Traffic Regulatijn 1984), 2000 жылғы 30 қарашадағы көлік туралы Акт (Transport Act 2000), 2004 жылғы 22 шілдедегі Көлікті басқару туралы акт (Traffic Management Act 2004) және 2008 жылғы 26 қарашадағы муниципалды көлік туралы Акт (Local Transport Act 2008). Бұл құралдар негізінен Ұлыбританияда жол қозғалысын ұйымдастыруды реттеудің нормативтік базасын құрайды» [17].

Еуропа елдерінің ішінде осьтік жүктемесіне қойылатын талаптарды бұзған үшін әкімшілік жауаптылықты күшейткен Франция, онда 2022 жылдың 7 шілдесінен жарияланған жаңа жарлық көлік компаниялары мен олардың басшыларының шамадан тыс жүктеме үшін жауаптылығын күшейтеді. Тасымалдаушыларға 1,5 мың еуро айыппұл салынады, қайталанған жағдайда сомасы 5-есе артады. Жүктерді тасымалдауға қатысатын адамдар да айыппұл ала алады. Сонымен қатар, жарлық жүк көліктерін қашықтықтан (қашықтан) басқару мүмкіндігі шараны заңдастырады.

Сондай-ақ, жарлықта жүк жөнелтуші, экспедитор, агент немесе жүк алушы, егер олар жалған декларация берсе, осьтің салмағынан немесе жүктемесінен асып кетсе, 5-дәрежелі айыппұл салынуы мүмкін.

Бұл Францияда жүк тасымалдаумен айналысатын кез келген адам жүк көлігінің жүргізушісі болмаса да, салмақ өлшемін бұзғаны үшін жауапқа тартылуы мүмкін дегенді білдіреді [18].

Польшада «... автокөлік құралының шамадан тыс жүктелу фактілері жол бетіне және бейнебақылау камераларына орнатылған датчиктері бар динамикалық таразылармен жазылады. Рұқсат етілген параметрлердің асып кетуін тіркеген кезде мемлекеттік тіркеу нөмірі туралы мәліметтер көлік құралын тоқтату және оны стационарлық салмақ-габаритті кешендерде өлшеу үшін жол инспекторларына беріледі» [15].

«Литва елінде қозғалыстағы бұзушылықтарды бақылау бойынша көпфункционалды жүйе іске қосылды. Бұл жүйе автокөлік құралдарының салмақтық және габариттік параметрлерін өлшейді, мемлекеттік нөмірлерді анықтайды, қозғалыс қарқындылығы туралы ақпарат жинайды. Жүйеде жиналған деректер жол ақысын төлеуді, міндетті сақтандырудың болуын және техникалық тексеруден өтуді тексеру үшін пайдаланылады. Бұл жүйе салмақ өлшемдерінен асып кеткені және басқа да бұзушылықтар үшін айыппұл талондарын жібереді.

Автокөлік құралының салмақтық параметрлерін бекіту жүйесі белгілі бір мәннен төмен емес жылдамдықта жүзеге асырылады.

Автоматтандырылған жүйелердің әрекет ету аймақтарында жылдамдықты белгілі бір шамалардан төмендетуге тыйым салатын жол белгілері орнатылған, белгілердің жанында көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірлерін тіркеуге арналған фото-бейнекамералар орнатылған.

Автоматтандырылған жүйелер аймағында жылдамдықтың төмендеуі тіркелген жағдайда, бұл бұзушылық салмақтық бақылаудан өтуден жалтару ретінде қарастырылады және осы бұзушылық үшін рұқсат етілген салмақ параметрлерінен асып кетуге пропорционалды айыппұл санкциялары» [16] қарастырылған.

АҚШ-та көлік және жол қозғалысын ұйымдастыру туралы заң үш деңгейдегі актілермен ұсынылған: федералды, штаттық және жергілікті. Автомобиль жолдары (highways) сәйкесінше федералдық жолдар болып табылады (national highway system, interstate system) немесе мемлекеттік жолдар жүйесіне кіреді (state highway system) немесе жергілікті өзін-өзі басқару (county roads) басқарады. АҚШ-та 15 мыңға жуық Автоматты салмақтық бақылау кешені бар, оның құрамына алдын ала іріктеуге, төмен жылдамдықпен өлшеуге және станциялық таразыларда бақылау салмағынан асып кетуге арналған жабдық кіреді. Бұл ретте автожол бойында жүк автомобильінің жүргізушісін өлшеу станциясының бар екендігі туралы хабардар ететін жол белгілері, сондай-ақ көлік құралдарын алдын ала іріктеуге арналған белгілер, жеңіл автомобильдер бұдан әрі қарай жүреді, ал жүк көліктері тек жүк көліктеріне арналған жолаққа оралады. Жүк автомобильдерінің қозғалыс жолағында қозғалыста салмақ өлшеуді жүзеге асыратын кешен (weigh-in-motion) орнатылған. Егер салмақтық габариттік параметрлер рұқсат етілген шектерде болса, бағдаршам автокөлік құралын маршрут бойынша одан әрі жүру үшін барлық автокөлік құралдары үшін қозғалыс жолағына бағыттайды. Рұқсат етілген салмақ-габариттік параметрлердің немесе рұқсат етілген шекті мәндерге жақын параметрлердің асып кетуін белгілеу кезінде бағдаршам автокөлік құралын осьтік өлшеуге арналған стационарлық салмақ жабдығымен өлшеу станциясына жібереді [17].

Бұл жүйе ашық (шлагбаумдарсыз) болып табылады, «өлшеу станциясы» белгісі қолданылған сәттен бастап өлшеу аяқталғанға дейін автокөлік құралының барлық қозғалыс бағыты фото-бейнебақылау камераларымен бекітіледі. Салмақты бақылауды тасымалды өлшеу құрылғыларымен жабдықталған жол полициясының патрульдік қызметі де жүзеге асырады.

Сонымен, АҚШ-тың Федералды жол басқармасының мәліметі бойынша, барлық жол зақымдануларының 20% тек АКҚ-ның рұқсат етілген осьтік жүктемелерінен асып кетуден туындайды, бұл жолдарды жөндеуге жыл сайынғы қосымша шығындарға әкеледі.

Данияда шамадан тыс жүктелген АКҚ барлық жүк көліктерінің 10-15% құрайды. Югославияда АКҚ-ның 75% осьтік жүктеме жоғары. Испанияда бір осьті жүк АКҚ-ның 46% 10 тк жоғары жүктеме анықталды, ал кейбір жағдайларда ол бір оське 23 тк дейін болды. Оңтүстік Африкада жүк АКҚ-ның 35% нормативтен 5%-дан 100%-ға дейін шамадан тыс жүктемеге ие.

Ирландияда, 1998 жылы енгізілген АКҚ-ның шамадан тыс жүктегені үшін тасымалдаушылар мен жүк жөнелтушілердің жауаптылығы туралы заңға қарамастан, осы уақытқа дейін тасымалдардың шамамен 20% 4-тен 6-ға дейін жүктемемен жүзеге асырылады» [18].

Сингапурдың тәжірибесі қызықты, өйткені бұл мемлекеттің заңнамасы 1996 жылғы 30 сәуірдегі Сингапурдың жер үсті көлігі қызметі туралы акт (Ланд Транспорт Аұтхоріты оф Сінгапоре Аст) негізінде әрекет ететін бір орган – жер үсті көлігі қызметі шеңберінде жол қозғалысын ұйымдастыру саласындағы құзыретті орталықтандырудың мысалы болып табылады. Актінің 6-бабына сәйкес аталған қызметке, атап айтқанда, Сингапурда автомобиль жолдарын салу, басқару және жөндеу, жобаларды жоспарлау, әзірлеу жүктелген; автобус аялдамаларын, тротуарларды, қоғамдық көліктің ауыспалы терминалдарын, такси аялдамаларын және қоғамдық көлік инфрақұрылымының басқа элементтерін жоспарлау, жобаларды әзірлеу, салу, жөндеу және жетілдіру; жол белгілері мен сигналдарын, жол ағындарын бақылауға арналған жабдықтарды пайдалану, жөндеу және жетілдіру; тұрақ орындарын пайдалануды реттеу; басқару стратегиялары мен жоспарларын дамыту және іске асыру көлік инфрақұрылымын тиімді пайдалану мәселелері бойынша зерттеулер жүргізу. Сингапур мемлекеті алып жатқан өте аз аумақты ескере отырып, жер үсті көлігі қызметі тұлғасында жол қозғалысын ұйымдастыру саласындағы барлық негізгі міндеттердің осындай шоғырлануы оңтайлы болып табылады.

Литва елінде 2017 жылдан бастап, көлік құралының осіндегі рұқсат етілген ең жоғары салмақтан немесе жүктемелерден асып кеткені үшін жауаптылық, ең алдымен, тасымалдаушыларға жүктеледі. Алайда, қолданыстағы заңнамалық актілерде «бұл жауаптылық көлік тізбегінің басқа буындарымен бөлісу мүмкіндігі қарастырылған, содан қолданыстағы әкімшілік құқық бұзушылық кодексінде жүк автомобильдерінің жалпы рұқсат етілген массасы мен осьтік жүктемесіне қойылатын талаптарды белгілейтін заңнамалық актілерді бұзғаны үшін тасымалдаушылар ғана емес, сонымен қатар жүк жөнелтушілер және көлікті басқарушы компания да жауапты болады деп көзделген [15, 20-б.].

Айтарлық, еуропа елдерінің ішінде осьтік жүктемесіне қойылатын талаптарды белгілейтін заңнамалық актілерді бұзғаны үшін қылмыстық жазалауды қарастырып жатыр, ол Венгрия елінің Қылмыстық кодексі бойынша, жүктеме 1 тоннадан артық болған ретте 1 жылға дейін бас бостандығын айыру қарастырып жатыр [15, 24-б.].

ТМД елдері. «Тәуелсіз мемлекеттер достастығына мүше мемлекеттерде жол қозғалысын ұйымдастыру мәселелері бірыңғай нормативтік актімен – Жол қозғалысы туралы заңмен реттелетін үрдіс бар (мұндай тәсіл, мысалы, Украина, Беларусь, Тәжікстан заң шығарушыларымен сайланған). Дәл осы құжат, әдетте, жол қозғалысы қауіпсіздігі мәселелерін де реттейді (және жол қозғалысы қауіпсіздігін реттеу басым болып табылады). 1999 жылғы 4 маусымда Минск қаласында жасалған Тәуелсіз мемлекеттер достастығына

қатысушы мемлекеттердің автомобиль жолдармен мемлекетаралық тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдарының салмақтары мен көлемдері жөніндегі келісім (бұдан әрі – Келісім). Тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы мемлекеттердің автомобиль жолдарымен мемлекетаралық тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдарының салмақтары мен көлемдері жөніндегі келісімді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 17 қаңтар Н 32 бекітілген. ТМД-ның кейбір елдерінде «жол қозғалысы қауіпсіздігі туралы» заңдарға (мысалы, Әзірбайжан, Өзбекстан) енгізілген жекелеген нормаларды қоспағанда, жол қозғалысын ұйымдастыру заңды түрде реттелмеген. ТМД-ның бірқатар елдерінде (мысалы, Украина, Қазақстан) қолданыстағы автомобиль көлігі туралы заңдар автомобиль көлігімен тасымалдауды реттейді және жол қозғалысын ұйымдастыруға қатысты нормаларды қамтымайды. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің көпшілігінде заңдар қабылданды» [19]. «Автомобиль жолдары туралы «немесе» автомобиль жолдары мен жол қызметі туралы (Армения, Қазақстан, Тәжікстан, Украина, Өзбекстан).

Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, дәл осындай проблемаларды ұйымдастырушылық-техникалық шараларды қолдана отырып, мақсатты бағдарламалар негізінде шешуге болады. Сонымен қатар, Еуропалық заңнама жол қозғалысын құқықтық реттеудің салыстырмалы түрде тұрақты деңгейіне ие. Батыс Еуропа елдеріндегі қозғалыс тәртібін анықтайтын нормалар, әдетте, 10-15 жыл ішінде айтарлықтай өзгерістерге ұшырамайды.

Шет елдер үшін Ресей заңнамасында жеткіліксіз назар аударылған жол қозғалысын ұйымдастыру саласындағы барлық жобаларға алдын-ала экологиялық бағалау жүргізу тән. Сонымен қатар, «жол қозғалысын оңтайландыру әдістерінің бірі ретінде тұрақтарды ұйымдастыру мәселелерін егжей-тегжейлі реттеу шетелдік заңнаманың айрықша белгісі деп санауға болады» [15, 21-б.].

Жалпы көп шет елдерінде осьтік жүктемесіне қойылатын талаптарды бұзған үшін әкімшілік жауаптылық қарастырылған, айыппұл сомасы қомақты болып табылады.

Шет елдердің магистральды жолында автоматтандырылған өлшеу станциясы-метрологиялық тексеруден өту тәртібі қатаң реттелген және де белгілі бір шақырым сайын автоматты режимде жұмыс жасап тұрады. Жол бойында фото-бейнетүсірілімді жүзеге асыратын, түрін, маркасын, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін, автокөлік құралдарының салмақтық габариттік параметрлері мен қозғалыс жылдамдығын тіркейтін сертификатталған арнайы бақылау-өлшеу техникалық жабдықтарының кешені магистральды барлық жол бойында орналасқан.

2 Ірі габаритті және ауыр жүктерді тасымалдау талаптарының ережелерін бұзғаны үшін жауаптылықты күшейту үшін жаза тағайындау мәселесі.

2.1 Ірі габаритті және ауыр жүктерді тасымалдау талаптарының ережелерін бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылықты қарастыру мәселесі.

Құқықтық жауаптылық – ол әлеуметтік жауаптылықтың бірден-бір нысаны болып келеді.

Құқықтық жауаптылық құқық ғылымында дамыды және ретроспективтік жауаптылық ретінде пайда болады, және тікелей құқыққа қайшы тәртібі үшін байланысады. Субъектілеріне байланысты қарым-қатынасы құқықтық жауаптылықтың мемлекеттік ықпал ету сипатына ие. Бұл мемлекеттің құқық нормаларын бекіту салдарынан туындайтыны мәлім, демек заңды жауаптылық белгіленуі құқық бұзушының келісімінсіз тәуелсіз белгіленеді.

Мемлекеттік шаралар өмірде әр түрлі нысандардан көрініс табады, кейде ол құқықтық жауаптылықпен байланысты болмауы да мүмкін. Сол себептен, заңды жауаптылық мемлекеттік шаралардан ажыратамыз, сондай-ақ мемлекеттік шараларды орындау құқық нормаларының орындалуынан көрініс табады. Соңғысы құқық қорғау органдарының қызметінде әр түрлі жолдардан көрініс табады.

Біріншіден, заңи маңызы бар құқық субъектісінің тәртібін бақылауда;

Екіншіден, құқық бұзушыға берілетін фактілерді лауазымды орган қызметіне байланысты тергеу жүргізуде;

Үшіншіден, заңда көрсетілген санкцияларды құқық бұзушыға қолдану;

Мемлекеттік шаралардың, нормалардың сондай-ақ құқықтың орындалуында, бұл қызмет қатал заңмен реттелетін, және сонымен реттелетін бірге өзінің бір қатар құқықтық шектері бар болып келеді.

Құқықтық жауаптылық мемлекеттік шараларды орындау кезінде көрінеді, бірақ ол құқық бұзушылық фактісі орын алғанан кейін туындайды, онда құқық бұзушылықтың құрамы болуы тиіс. Осы себептен, құқық бұзушылықтың құрамы болып құқықтық жауаптылықтың фактілік негізі танылады, ал құқық нормасы – құқықтың негізі болып табылып, онсыз құқықтық жауаптылық өмір сүрмейтіндігі белгілі.

Құқық бұзушылық пен құқықтық жауаптылықтың бөлінбейтіні анық, өйткені әрдайым құқық бұзушылық дереу құқықтық жауаптылықты орнатады немесе тудырады.

Құқықтық жауаптылық шараларының нағыз мазмұны құқық бұзушылықтың орын алуы қоғамға қайшы немесе қауіпті әрекет жасауымен оған қолданылатын санкциялармен көрсетіліп анықталады.

Құқықтық жағдайда ең маңызды құқық бұзушының міндеті болып, өзі жасаған әрекетіне жауап беру, бұл тұлғамен жасалған құқық бұзушылық жеке

және мүліктік сипатқа ие жағымсыз салдар туындатады, оны құқық нормасы құқық бұзушылыққа берілетін санкцияны анықтайды [20, 63-б.].

Мұнда тек заңмен жауап беру міндеті көзделмеген, сондай-ақ құқықтардың көлеміне ие болуымен байланысты бірнеше құқықтар қарастырылған.

Санкция (өтем) дегеніміз – бұл норма бұзылған жағдайда қолданылатын мемлекеттік әсер ету шараларын белгілейтін норманың бір бөлігін айтамыз.

Құқықтық мемлекетте санкция қолдану бір мезгілде құқық бұзушыға қоғамның сөгісімен байланысты болып келіп, ол құқық бұзушының қоғам мен жеке тұлғалардың қызығушылығына, мүдделеріне зардап келуімен тығыз байланысты. Бірақта барлық санкциялар жазалау сипатына ие емес болып келеді, бірақ барлығы да мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының қолдануын түсіндіреді, сондай-ақ міндеттерді мәжбүрлеу салдарынан өзіне жағымсыз зардап келтіріледі, ол кезегінде құқықтық жауаптылықтың болуы деп түсінеміз. Құқықтық жауаптылық құқық санкциясымен тығыз байланысты болып келеді және оның орындалуы, нормаларының күзіреті мемлекеттік органдардың қолдануымен жүзеге асырылады. Сол себептен құқықтық жауаптылық өзімен бірге мәжбүрлеу шарасының орындалуын міндеттейді, және де құқық бұзушылық кезінде пайда болып және ол нақты құқықтық қарым-қатынасында жүргізіледі.

Кейбір ғалымдар құқықтық жауаптылықты қарастырғанда, бұл мемлекет пен азаматтар арасындағы құқықтық қарым-қатынас ретінде, бұл жерде мемлекет өз органдары тұрғысынан құқық бұзушыны жазалауға құқығы бар болғанымен, ол құқық бұзушы бұл жазаға шыдауы тиіс деп түсінеді. Бұл көзқарасқа құқық бұзушыға белгілі бір жаза түрінде бас бостандығынан айыруға шыдауы міндетті болып табылады, өйткені ол тұлға құқық бұзғаны үшін мемлекеттік басқарушылардың қарастырған жазасы болғандықтан, бұл дұрыс деп түсінеміз. Бірақ бұл түсінік әрине формальды идеалдандырылған түсінік болып табылады, өйткені әр құқық бұзушы, сондай-ақ қылмыскер өзіне «шыдау» жазасын қолданбайды, ал керісінше, ол одан қамауға бейімделеді.

Жоғарғыда айтқанды талқылай келе анықтауға болатын жайт, құқықтық жауаптылық бұл–заңмен орнатылған құқық бұзушыға қолдану шаралары, сонымен қатар оған жағымсыз салдар әкелетін мазмұнына ие, ол мемлекетпен орнатылатын, сондай-ақ мемлекеттік органдардың тәртібімен қолданылатын шаралардың тізімі болып табылады.

Құқықтық жауаптылық, әлеуметтік жауаптылықтың бір нысаны болып табылады, солай бола тұра олардан бірнеше белгілерімен ерекшеленеді.

Ең алдымен, ол әрқашан өткенге баға береді бұл дегеніміз әрекет үшін жауаптылық (әрекет немесе әрекетсіздік) орын алған, бұл құқықтық жауаптылық – (ретро - кері) негативті депте атайтын жауаптылық болып келеді. Құқықтық жауаптылық болашаққа бағытталған болады. Мысалы: қандай да болмасын қоғамдық ұйымның қаулысында белгіленеді, «азамат Үркімбаев шара өткізуге жауап береді». Бұл түрі ұйымдасқан немесе саяси жауаптылықты көрсетілген, бұл жерде азамат Үркімбаевтың болашақтағы

жауаптылығы жайлы айтылған, егер бұл шара өткізілген жағдайдағы жауаптылық туралы айтылып отыр».

Келесі, құқықтық жауаптылық құқықтық тәртіпті бұзу үшін орнатылады, бұл жерде ол оның орындалуы үшін емес мәселесі болып тұр.

Құқықтық жауаптылық мемлекетпен байланысты. Бірақ мұнда атап өтетін нәрсе, тек мемлекетпен жауаптылық шаралары орнатылады және тек мемлекет органдары тәртіппен жүзеге асырады, сондай - ақ оны да мемлекет орнатады.

Сонымен қатар бұл шаралар әрдайым құқық бұзушыға жағымсыз салдар туғызады, оларға: мүліктік, жеке, саяси және тағы басқалары жатуы мүмкін.

Құқықтық жауаптылықты тағайындаудың бірден бір мақсаты - құқық бұзушыға мемлекеттің атынан өз құқық бұзушылығының тәртібін түсіндіре білу. Тек мемлекеттік мәжбүрлеу құқық бұзушы тұлғадан қандай да бір сезімді ояту, ол арқылы тәрбиелеуге жатқызуы жатады.

Құқықтық жауаптылықта келесідей белгілерді атап өтуге болады:

1. Құқықтық жауаптылыққа тарту негіздері үшін міндетті құқық бұзушылықтың болуы.

2. Құқық бұзушының тәртібінде (әрекетінде) мемлекеттік мәжбүрлеу шарасының арнайы сипаты болуы.

3. Құқық бұзушыға уайым - қайғы келтіру, моральдық тұрғыдағы, жеке, мүліктік (материалдық) сипаттағы уайымдардың болуы.

4. Мемлекеттік мәжбүрлеу шарасын қолдану механизмі [21, 58-б.].

Құқықтық қарым-қатынас саласында әрекет екі мағынаға ие болуы мүмкін. Тұлғаның әрекеті негізгі акт бөлімінің құқық нормаларына сәйкес келуі, сондай-ақ заң талаптарына сай келуі тиіс. Құқықтық әрекетке құқыққа қайшы әрекет қарсы тұрады.

Құқықтық емес тәртіп құқық бұзушылықта көрініс табады, ол актілерде көрсетілгендей құқық бұзушылық болып табылады.

«Құқық бұзушы» түсінігі әлеуметтік табиғатын ашатын және заңи нысанда белгілі бір іс жүргізумен ашып қарайтын белгілер түрінен тұрады.

Қоғамдық қауіп қатер, адамның әрекет түрі арқылы зардап келуі, өмір сүретін жүйеде қоғамдық қарым-қатынаста оны әлеуметтік түп негіз ретінде құқық бұзушылық деп атайды. Бұл арқылы қоғамдық қалыптасқан қарым-қатынастық бұзылуына әсер етеді.

Іс жүргізу ол қоғамдық қауіпті деп анықталуы мүмкін, сондай-ақ, ол өзімен өзі зардап келтірілуі мүмкін, өйткені бұл құбылыс массалық болып кетеді. Бұл істердің орын алуы қоғамның өмір сүру жағдайын бұзады, ол өз кезегінде мемлекет тарапынан құқық бұзушыға қарсы шығуынан туындайды.

Заңи тұрғыдан қауіп ұғымы, қоғамға зардап іс жүргізуі ол оның құқыққа қарсы екенін білдіреді. Әрекеттің белгілі түрлеріне құқыққа қайшылық өзімен бірге құқыққа сай талаптарын бұзуда оны біле тұра бұзады.

Құқыққа қарсы әрекет ретінде егер құқық бұзушы заңды міндеттерді орындамай немесе құқықты дұрыс нысанда қолданбау, бұл құқықпен тыйым салынса және ол өзімен құқық нормалар санкциясын қолдану егер ол

орындалса немесе жасалса. Егер құқықпен тиым салынбаса құқық бұзушылық болып табылмайды. Егер әрекет жасау барысында құқық бұзушылық мойындалмаса, құқық бұзушы жауаптылыққа тартылмайды. Бірақ егер құқық бұзушылыққа жауаптылық алынып тасталса немесе жеңілдетілсе, онда жаңа заң қолданылады. Бірақ мұнда басшылыққа алынуы тиіс нәрсе, бүкіл құқық бұзушылыққа берілген жағдайлар барлығы үшін ауқымды таралса заңның ортақтығы.

Құқыққа қайшы адамның тәртібі оның әр түрлігі құқық бұзушылық болып табылады, ол қатал белгілі белгілерге негізделеді, ол құқық бұзушылық құқықтық емес әрекетімен ерекшеленеді (мораль нормасы, салт-дәстүр, қоғамдық ұйымдардың нормалары және тағы да басқалар) [21, 10-б.]. В.Н. Хропанюк құқық бұзушылықтың келесідей негізгі белгілерін атап өткен болатын:

1. Құқық бұзушылық - адамдардың тәртібі, ол әрекет немесе әрекетсіздікті атап көрсетеді. Құқық бұзушылық ой жүзінде болмауы тиіс, немесе адамның сезімі, қалауы ниеті оның интеллектуалдық қызметі, егер олар белгілі бір әрекетпен және құқықпен реттелмесе ол құқық бұзушылық болып танылмайды. Әрекетсіздік – ол құқық бұзушылық егер тұлға белгілі бір іс әрекет жасауы керек еді, ол құқық нормасында көрсетілген, бірақ құқық бұзушылық жасамағандығы болып табылады. Ол жәбірленушіге көмек көрсетпеуі, сол сияқты тағы басқа әрекетсіздіктерден тұрады.

2. Құқық бұзушылық – адамның тәртібі, құқық нормаларына қайшы келетін, ол қоғамдық қарым-қатынасқа қарсы бағытталған, ол құқық нормаларымен реттеледі және қоғамға, құқыққа қайшы деген атаққа ие болуы. Атап айтқанда, басқа қоғам мүшелеріне қайшы бағытталған, ол тұлғалар заңмен қорғалуы, бірақ барлық адамның мүддесі заңмен қорғала бермейтіндігі, сондықтан да олардың бұзушылығы құқыққа қайшы еместігі анықталады.

3. Құқық бұзушылықта деликт қабілетіне ие адамдарының әрекеті ғана саналады. Деликт қабілеті барлар өзінің белгілі бір іс әрекетімен әлеуметтік және индивидуалдық салдарын өз әрекеті арқылы көре біле алуын қажет. Сондықтан құқық бұзушы субъектісі болып кәмелетке толмағандар мен жан - тән ауыруларымен, есі дұрыс еместер бұл тізімге кірмейтіндер қатарын құрайды.

4. Іс-әрекет кінәсі, ол құқық бұзушылықтың белгісі ретінде, адамның жауаптылық қарым - қатынасы мен өз әрекетіне және қоршаған шындыққа түзу көзбен қарауы саналады. Құқыққа қайшы әрекет кінәлігі айқын жағдайда ғана құқық бұзушылық болып табылады.

5. Құқық бұзушылық өзіне байланысты құқық бұзушыға мемлекеттік мәжбүрлеу шарасын қолдануға әкеп соқтырады. Осыған байланысты, құқық бұзушылық болып деликт қабілетіне ие адамның құқыққа қайшы іс әрекеті үшін кінәлі ол үшін заңды жауаптылыққа итермелейтін шара болып табылады.

6. Құқық бұзушылық - бұл қоғамға, мемлекетке, азаматтарға зиян келтіретін әрекеті, бұл саяси, еңбекке, мүлкіне, жеке құқыққа және бос

азаматтарға, ұйымдардың экономикалық мүдделеріне, әскери қарулы күштеріне зиян келтіру әрекеті болып саналады [22, 114-б.].

Зиян – құқық бұзушылықтың бірден-бір белгісі болып табылады, зиянның көлемін әр түрлі объектілерге байланысты сипатталады, сондай-ақ көлемі мен басқада белгілері де, бірақ құқық бұзушылық әрдайым әлеуметтік залалға ие болады. Ол сондай-ақ материалдық немесе моральдық сипатқа ие, ол өлшене алатындығы немесе өлшеуге жатпайтындығы өте маңызды болып келеді, ол жалғыз адаммен, топпен немесе жалпы қоғаммен білінеді. Зиянның мазмұнын мүдделердің бұзылу түріне, субъективтік құқықтар құқық бұзушының объектісіне байланысты мінездей аламыз.

Құқық бұзушылық зиян саласына байланысты әр түрлі, сондықтан да қоғамдық қауіп дәрежесі де әр түрлі. Нақты дәл критерии арқылы құқық бұзушылық қылмыс іс әрекеті деп бөлу басталады. Қылмыс қоғамдық үлкен қауіп дәрежесін мінездейтін, оған жалпы әкімшілік, еңбектік, азаматтық әрекеттер қоғамдық қауіптің ең жоғары бөлігі. Осыдан келе құқық бұзушылық – бұл құқық қабілеттілігі бар индивидтің, кінәлінің жүріс-тұрысы, ол құқық нормаларына қарсы келеді, басқа тұлғаларға зиян келтіреді және құқықтық жауаптылыққа тартылады.

Құқық бұзушылықтар құқықтық жауаптылықпен тығыз байланысты, ол құқық бұзушының бірден-бір белгісі. Бұл өз тарапынан заңи ғылымның жүйесі белгілерінің құқық бұзушылықтың пайда болуына, оның заңи фактор ретінде тіркеуге мүмкіндік береді. Бұл жүйе белгілері құқық бұзушылықтың құрамы болып табылады, ол біріккен объективтік және субъективтік жақтардың құқық бұзушылықтан көрінетін, құқықтық жауаптылыққа тартуға керектігін көрсетеді.

Қылмыстық құқық теориясында жалпы құрамдарға, оған кіретін белгілер кез келген қылмысқа қажет және арнайы қарастыратын белгілер, ол тек берілген қылмыс түрін анықтайды. Ал негізгі құрам міндетті және факультативті алпы белгілер деп бөлінеді. «Арнайы» белгісіне, құрамына барлық белгілер міндетті болып табылады және қосымша белгілерде енгізіледі. Теорияда қылмыс түсінігі және оның атауына байланысты нақты келісілген атауы жоқ. Жалпы екі термин қолданылады: элемент және белгі.

Мысалы: В.А Малько бұл түсініктерді шектеп белгілейді. Ол құрам элементі ретінде оны құрайтын қылмыс және оның құрамы (субъект, объект, іс-әрекет, салдары, мақсаты, байланысы, себептері т.б.), ал белгілеріне – жеке элементтеріндегі қасиетті жатқызады. Оларға ол субъектілердің есі дұрыстығы мен жасын жатқызады. Бұл тек субъектінің қасиеті қылмысты құрайтын бөлім ғана емес. В.А. Малько белгілерге арнайы субъектілердің құзыретін жатқызған (лауазымды тұлғалар ма, транспорт қызметкері ме, әскер қызметкерлері мас күйінде т.б. тұлғалар) [21, 132-б.].

Теорияда қылмыс құрамының талдауы арнайы орын алады, бірақ онда біркелкі құрам жоқ, оның көптеген варианттары өмір сүреді. Төрт құрамдық құрылым басым көрсетілген: объект, объективтік жақ, субъект, субъективтік жақ. В.А Мальков жалпы қылмыс түрінде іс-әрекет немесе әрекетсіздік,

субъект, құқықпен қорғалатын объекті кіреді деп көрсетеді. Осыдан келе келесідей шешім шығарады: қылмыс құрамы төрт құрамнан емес, үш негізгі элементтен тұрады: объект, субъект, іс әрекет деп атаған.

Мемлекеттік құқықтық және қоғамдық ықпал ету шараларынан қылмыстық жазаның айырмашылығы. Жалпы « ... жаза адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын, заңды мүдделерін, адамзаттың қауіпсіздігі мен бейбітшілікті, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, ҚР-ның конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, сонымен қатар, қоғам мен қол сұғушылықтан қорғауға бағытталған» [20].

«Қоғамдық ықпал жасау шаралары теріс қылықтары үшін және де мемлекеттік орган - сот арқылы емес, қоғамдық ұйымдар арқылы қолданылады. Сондықтан бұл шаралар теріс қылықты, оны жасаған тұлғаны «жағымсыз» деп танудың, қоғамдық мәжбүрлеу мен тәрбиелеудің мемлекет тарапынан емес, қоғамдық орындар тарапынан қолданатын тәсілі болып табылады» [21].

«Жаза – бұл мемлекеттік жазалаудың қылмыстық заңдарда орнаған түрі. ҚК-нің 39-бабында жазаның түрлері толығымен қамтылған» [23].

Қылмыс жасаған тұлғаға сот жазаның аталған бапта көрсетілгеннен басқа түрлерін қолдана алмайды.

Заң тұрғысынан алып қарағанда, жаза қылмыстың құқықтық салдары болып табылады. Қылмыс пен жаза өзара тығыз байланысқан құқықтық ұғымдар. Мемлекеттік мәжбүрлеудің шарасы ретінде жаза – қылмыс болып табылатын құқық бұзушылыққа ғана қолданылады.

«Жазаның өзіне тән қасиеті – жазалау. Жазаны – жазалаудың күшпен қолданылатын, мәжбүрлейтін жағы, сотталған тұлғаны заңда көзделгендей құқықтары мен бостандықтарынан айыратын немесе оларды шектейтін жағы деп түсіну керек. Жаза қылмыскерге қашан да белгілі бір айырылу, қайғы-қасірет шектіреді. Олар тән азабы, рухани сипатта, қаражатқа қатысты немесе басқадай сипатта болуы мүмкін.

Жалпы жазаның жазалаушы элементтері оның қорқыныш тудыруы (үрейлендіру) сияқты қасиетін алға тартады. Жазаның мәжбүрлеуші, жазалаушы жақтары неғұрлым үдемелі болса, жаза да соғұрлым ауыр болады. Тағайындалатын жазаның ауырлығы, өз кезегінде, жасалған қылмыстың ауырлық деңгейі мен сипатына, қылмыскердің жеке басына және де іс бойынша кездесетін басқа да жағдайларға байланысты болып келеді» [20].

Сонымен қылмыстық жаза – «бұл соттың үкімінде қылмыс жасаған кінәлі тұлғаға істеген қылмысы үшін қолданылатын, жазалаушы күші бар және қылмыс жасаған тұлғаның атына мемлекет тарапынан бетке басуды, демек жағымсыз бағаны білдіретін, мемлекеттік мәжбүрлеудің қылмыстық заң арқылы орнықтырылған шарасы» [20]. Сонымен қатар жалпы қылмыстық жазаның әкімшілік жаза және әкімшілік-құқықтық ықпал ету шараларынан айырмашылығын табатын болсақ: әкімшілік жаза, ол заңмен уәкілеттік берілген судья, органдар әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін

қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болып табылады және осындай құқық бұзушылық жасаған адамның Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-да көзделген құқықтары мен бостандықтарынан айыруға немесе оларды шектеуге саяды делінген.

Сонымен әкімшілік жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру және құқық бұзушылықты жасаған адамды заңдар талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеу, сондай-ақ құқық бұзушының өзінің де, сол сияқты басқа адамдардың да жаңа құқық бұзушылық жасауының алдын алу мақсатында қолданылады.

Ал Қазақстан Республикасы ҚК-нің 40-бабының 1-тармағына сәйкес «қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға мынадай негізгі жазалар:

- 1) айыппұл;
- 2) түзеу жұмыстары;
- 3) қоғамдық жұмыстарға тарту;
- 4) қамаққа алу;

5) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу қолданылуы мүмкін.

2. Қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға мынадай негізгі жазалар:

- 1) айыппұл;
- 2) түзеу жұмыстары;
- 2-1) қоғамдық жұмыстарға тарту;
- 3) бас бостандығын шектеу;
- 4) бас бостандығынан айыру қолданылуы мүмкін [23].

3. Қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға негізгі жазамен қатар мынадай қосымша жазалар:

- 1) мүлкін тәркілеу;

2) арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру;

3) белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;

- 3-1) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру;

4) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу қолданылуы мүмкін» [23].

